

УДК 616-002.5-08(574.54)

А.Ж. ӘЛҚОЖА, К.К. КУРАКБАЕВ

КЕАҚ «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҮЛГІСІНДЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ ЕМДЕУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Түйін: Бұл мақалада туберкулезбен ауыратын науқастардың емдеу тиімділігін бағалау және оны емдеу тиімділігіне әсер ететін факторларға ғылыми-әдеби шолу жасалған. Туберкулез проблемасы жыл сайын аса назар аударады. Бұл аурушаңдықтың өсуі, өліммен аяқталатын ауыр аурулардың пайда болуымен байланысты екендігі көрсетілген.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) Бас Ассамблеясы туберкулез әлі де дамып келе жатқан елдерде ғана емес, экономикалық жоғары дамыған елдерде де денсаулық сақтаудың халықаралық және ұлттық проблемасы болып табылатынын айтуға мәжбүр болды.

Түйінді сөздер: туберкулез, емдеу тиімділігі, туберкулез бойынша заңнама, бағалау, менеджмент.

Тақырыптың өзектілігі:

Туберкулез тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінде қоғамдық денсаулық сақтаудың елеулі проблемасы болып қалуда, бұл ретте туберкулез 2025 жылға дейін әлемдегі ең ауыр 10 аурудың бірі болып қала береді деп болжануда. Өлім себебі ретінде туберкулез барлық жұқпалы аурулар арасында, әсіресе қауіп тобындағы тұрғындар арасында (АИТВ жұқтырғандар, мигранттар, әлеуметтік қорғалмаған, сотталғандар) бірінші орын алады [1]

Осылайша, қазіргі кезде туберкулез проблемасы әлі де өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Оның бірден бір себебі, Алғашқы медициналық санитарлық көмек мекемелерінің мамандарының фтизиатриялық қырағылығының төмендігінен туберкулездің көш анықталуы, халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуі және көптеген дәрілерге төзімділік және туберкулездің қайталануы әсер етеді. Сондықтан туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің тиімділігін бағалау әлі де маңызды міндет болып қала береді.

Қазақстанда туберкулезбен күрес басым бағыт алып қала береді және оның ерекше өзектілігі ел Президентіміздің тапсырмаларымен және Үкіметтің 2014 жылғы 31 мамырдағы №597 "Туберкулезбен күрес жөніндегі 2014-2020 жылдарға арналған Кешенді жоспарды бекіту туралы" қаулысымен негізделген. Осы қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 994 бұйрығына сәйкес туберкулезбен аурушаңдықты, таралуын, мүгедектікті және өлім-жітімді азайту және туберкулезді диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы тиімді технологияларына және профилактикалық іс-шараларға қол жеткізуді жақсарту, инфекциялық бақылау жүйесін күшейту мақсатында Алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына динамикалық бақылауға берілді (ҚР ДСМ, 2018ж).

Жоғарыда көрсетілген нормативті құқықтық құжаттарға сәйкес, облыс бойынша туберкулезге қарсы қызметті қайта құрылым-

даудың интеграциялық моделін жетілдіру толық орындалған.

Кешенді жоспар аясында:

- 2019 жылдың 26 қарашасында шыққан Облыстық Денсаулық сақтау Басқармасының №750 бұйрығына сәйкес тікелей және көлденең интеграция толығымен аяқталып облыстық туберкулезге қарсы диспансері ШЖҚ мекемеге ауыстырылып, 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап облыстық туберкулезге қарсы диспансер аты облыстық фтизиопульмонология орталығына өзгертілген;
- 2016 жылдан бері 7 ауданның туберкулезге қарсы диспансерлерінің диспансерлік бөлімдері БМСК ұйымдарына біріктіріліп, 20 фтизиатр, 8 фтизиопедиатр емханаларға берілген, бүгінгі таңда емхана құрамында жұмыс жасауда.
- облыстық туберкулезге қарсы диспансердің аймақтық фтизиатрлары мен фтизиопедиатрларын қалалық емханалардың құрамына 31 желтоқсаннан бастап 5 фтизиатр, 3 фтизиопедиатр аяқандарымен, штаттарымен қала емханаларының құрамына жіберілген;
- Туберкулезге қарсы төсек орынды тиімді пайдалану мақсатында 2020 жылы 35 төсек қысқартылып, бүгінгі таңда облыс бойынша 265 төсек орын жұмыс жасайды. Осы ТҚҰ төсек қорынан 50 төсек орын реабилитация және 20 төсек орын туберкулез дифференциалды диагностика мен пульмонология бөлімдеріне қайта бейіндендірілген.
- Облыстағы туберкулезді ерте сатысында анықтауды күшейту мақсатында медициналық ұйымдарда жалпы тәжірибиелі дәрігерлер, терапевттер және тар буынды мамандар арасында «Туберкулездің алдың алу, ерте сатысында анықтау және емдеу» мен «Covid-19 кезінде туберкулезді анықтау» тақырыптарында 20 семинарлық сабақтар өткізіліп 572 маман қамтылған. Туберкулезбен аурушаңдылық көрсеткіші Қызылорда облысы бойынша әр 100 мың адамға шаққанда 2019 жылғы 51,5-тен (411 жағдай) 48,5-ке (392 жағдай) төмендеп, төмендеу қарқыны 5,7 пайыз құраған. Республикалық көрсеткіш 35,7 (Атырау облысынан кейін 2-ші қатарда орналасты).

Атап өткендей, облыста туберкулезге шалдығу жиілігі 3,7 пайыздық қарқынмен төмендегенімен, республикалық деңгейден жоғары. Яғни, туберкулезге шалдығу облыс көлемінде күрделі болып қалыптасуда.

Оған себеп:

1. Тұрғындарды туберкулезге тексеру, туберкулезге жоғары қауіпті топты флюороамен қамтудың мақсатты түрде жүргізілуі (97,2%, әр 1000 адамнан анықталуы-7,7), жалпы фг жоспар 98,8 пайызға орындалды.

2. Жабық мекемелерде туберкулездің таралу көрсеткіші өте жоғары болып отыр, 2020 ж арнайы мекемелердегі 685 науқастың ішінен 24 белсенді (2019ж-18 ауру) туберкулез анықталды.

3. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек беру ұйымдарында мамандардың, әсіресе жалпы тәжірибелік дәрігерлердің жиі ауысуы, дәрігерлердің жүктемесінің жоғарылығы.

Туберкулезбен қайталап ауырған науқастар саны өткен жылмен салыстырғанда 2 есе азайды, егер 2019 жылы 507 ауру тіркелсе, есеп беріп отырған мерзімде олардың саны 252 болды. Дегенмен, рецидивтердің үлесі басқа облыстармен және республикалық көрсеткішпен салыстырғанда жоғары деңгейде қалып отыр 39,1%(2019ж -55,2%, ҚР -27,5%).

Рецидивтердің себептері:

- Бастапқы емнен кейін 55,1% науқастарда өкпелерінде көлемді процесс қалып қайталап ауырғандар;

- Алғашқы ем алған кезде әр түрлі себептемен ем режимінің жиі бұзылуы: дәрі көтере алмауына байланысты 8,3%, спирттік ішімдікке салынып-10,8%, 37 науқаста(23,7%) әр түрлі құрамда дәрілерге тұрақтылық болғандар. Қосымша факторлар: науқастарда қосымша ауруларының болуы: 65,0 пайызында (164) қосымша сырқаттары бар (олардың ішінде 26,5 пайызы жүрек аурулары, 15,3 пайызы қант диабеті, 12,5 пайызы ХОБЛ, 12,2 пайызы психоневрологиялық ауруы, 11,2 пайызы ас қорту жүйесінен, 7,1 пайызы анемия, 2,0 пайызы несеп шығару жолдары патологиясымен) Әлеуметтік тұрғыда жеткілікті қамтылмаған құрылым бойынша 41,2% зейнеткерлер, 13,8% жұмыссыздар, 9,9% мүгедектер, 2,3% тұрақты мекені жоқтар (БОМЖ), 1,2% студенттер.

Көп дәріге төзімді туберкулез бойынша аурушандылық

Жалпы туберкулезден аурушандық төмендеуіне байланысты көп дәріге тұрақты туберкулездің анықталғандар саны да азаюда. 2019 жылда 137 ауру алынып, 17,2 деген көрсеткіш болса, 2020 жылы-102 ауру МЛУ ТБ мен тіркелген, сөйтіп МЛУ ТБ аурушандылық көрсеткіші 12,6 болып төмендеу қарқыны 26,7 пайызды құрады немесе 35 науқасқа аз тіркелуде. Ал жалпы алғаш анықталған 392 аурудың 26,0 пайызында көп дәріге тұрақтылық анықталған.

Балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез дертінің індеттік ахуалы күрделі мәселерінің бірі болып келеді. Бұл контингент арасында туберкулез аурушандылығы Республика көрсеткіштерінен жоғары деңгейде сақталуда. Облыс бойынша **0-17 жас аралығындағы балалар** арасындағы аурушандылық көрсеткіші былтырғы жылдың 12 айымен тіркелген бала санымен салыстырғанда бір деңгейде(55 бала), 100мың балаға шаққанда 6,3 қарқынымен 19,2-ден 18,0-ге төмендеген. Дегенмен де, облыстар арасында алдыңғы қатарда (балалар арасында аурушандылық Қызылорда қаласында, атап айтқанда №2, №6, Достармед емханаларында, сондай-ақ, Арал, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында және Байқоңыр қаласында жоғары деңгейде). Жыл көлемінде туберкулезбен белсенді топта тұрған 84 науқас қайтыс болған, олардың ішінде 2020 жылы **туберкулезден қайтыс болғаны** -15, 2019 жылы 18, өлімжіттілік көрсеткіші 2,3-тен 1,9-ға төмендеп, Қазақстан Республикасы бойынша – 1,8, облыстар арасында 8 қатарда орналасты.

Туберкулезден 2020 жылдың 12 айына қайтыс болған 15 науқастың 73,3 пайызы туберкулездің жұқпалы түрімен ауырғандар, ал дәріге төзімділігіне қарай талдағанда, облыс бойынша - 86,6% тұрақты формасы I В диспансерлік топтан, оның ішінде 23,0%(3) ШЛУ ТБ, 46,1% (6) МЛУ ТБ, 15,3% (2) күмәнді МЛУ ТБ, ал 4-і немесе 26,6 пайызы сезімталдығы сақталған туберкулезбен ауырғандар. Қайтыс болғандар ішінде 4-уі (26,6%) туберкулез алғаш рет анықталған, 73,4% қайталанған туберкулезбен тіркелген.

Туберкулезбен белсенді топта тұрып, басқа себептерден қайтыс болған науқастардың саны 69, олардың диагнозымен талдағанда 26,0 пайызы ХОБЛ, 27,5% жүрек тамырлар ауруы, 10,1% ОНМК, қалғандары обыр, бауыр, бүйрек қызметтерінің бұзылуынан және керіліктен қайтыс болған. Осы 69 барлығының 42% ауруханада, ал 58% үйінде қайтыс болған, яғни осы 58 пайызға (40) өлім туралы куәлікті БМСК ұйымдары берген.

Көп дәріге төзімді туберкулез/кен ауқымды туберкулездің еммен қамтылуы.

2020 жылы тұрақты туберкулезбен барлығы 343 науқас емге алынған, оның ішінде көп дәріге тұрақтылық расталғаны - 258 (75,6%), кең ауқымды тұрақтылық дәлелденгені - 23(6,7%), көп дәріге тұрақтылық күмәнді туберкулезі - 62(18,1%). Оның ішінде стандартты режим еміне - 121(34,4%), 3- қысқартылған емдеу схемасы (КРЛ) (0,8%), жеке емдеу режимдегі (ИРЛ) - 219(64,2%) алынған. Туберкулез ауруларына стигма, қысым болмас үшін, амбулаторлық жағдайда емдеу кеңінен пайдаланылуда (туберкулез микобактериясын бөлмейтін науқастардың 153 немесе 74,6 пайызы емін амбулаторлық жағдайда бастаған) және қадағалап емдеу-

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулезбен аурушандылық

| | 0-17 бала саңы | | Тіркелген жаңажағдай бала саңы | | ТБ аурушандылық 100мың балаға | | Төмендеу немесе суқарқыны |
|-------|----------------|---------|--------------------------------|------|-------------------------------|------|---------------------------|
| | 2019 | 2020 | 2019 | 2020 | 2019 | 2020 | |
| ҚР | 5809237 | 5950293 | 663 | 516 | 11,4 | 8,7 | < 23,7 |
| Облыс | 287083 | 306147 | 55 | 55 | 19,2 | 18,0 | <6,3 |

Манту сынағымен қамтылу пайызы 2019 жылмен салыстырғанда жоғарылаған. 100,8% (2019ж-98,2%). Манту сынағы арқылы дерттің анықталу көрсеткіші 2019 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге жоғарылаған, яғни бұл көрсеткіш туберкулинодиагностиканың мақсатты жасалғанын көрсетеді. 2019 жылы дерт 8 балада анықталса, 2020 жылы 18 балада Манту сынағы арқылы табылған.

дің бір тәсілі-амбулаторлық науқасты бейнебақылаумен емдеу (ВНЛ) жүзеге асырылып, облыста осы тәсіл бойынша 2020 жылы 61,6% пациент бақыланған.

Туберкулезбен ауыратын науқастарға 2014 жылдан бері әлеуметтік көмекке үздіксіз арнайы қаржы бөлінуде, 2020 жылы 248 118,0 мың тг қаралған, ол жалпы туберкулезге қарсы қызметке бөлінген қаржыдан 8,0% құрады (Республика бойынша мақсатты индикаторы 4,5% жоғары). Жыл басынан 1391 науқас 10 МРП көлемінде қаржылай көмек алған.

Осындай жан-жақты қолдау нәтижесінде туберкулезден айығу көрсеткіші ДДҰ нормативтеріне сәйкес келіп отыр. Туберкулез қоздырғышының негізгі дәрілерге сезімталдығы сақталған түрлерінің - 90,8%, сезімталдығы сақталған ТМБ(-) жаңа жағдай ем тиімділігі - 93,3%, алғаш тіркелген өкпеден тыс туберкулез - 95,2%, сезімталдығы сақталған рецидивтердің ем тиімділігі – 75.1%, ТМБ(-) рецидивтерінің - 91.5%, өкпеден тыс туберкулез рецидивтерінің ем тиімділігі - 87.5% құраған.

Көп дәріге тұрақты туберкулездің жалпы ем тиімділігі 86.2% (2017ж. 83.8%), жеке емдеу режимі бойынша (ИРЛ) ем тиім-

ділігі -92,3%, СРЛ -84,5%, қысқартылған емдеу схемасы (КРЛ) -96,1%, тәртіптің бұзылуы -2,6% (2017-5,1%), сәтсіз ем 3,2% (11 науқас) құраған.

Кең ауқымды туберкулезді емдеу тиімділігі (когорта 2017) барлығы – 44,4%, сәтсіз ем -38,8%, тәртіптің бұзылуы-0,0%, қайтыс болғандар-16,6% құрады.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалған мәліметтерді қорытындылай отырып, бүгінгі таңда облыс бойынша туберкулездің эпидемиологиялық көрсеткіштері тұрақтанып, төмендеу тенденциясы байқалады. Дегенмен, туберкулездің алдын алу, ерте анықтауда атқарылатын шаралар жетерлік. Атап айтсақ, БМСК дәрігерлерін туберкулез менеджментіне оқытуды жалғастыру, халықтың осал топтары арасында емнің қадағаланып берілуін толық қамтамасыз ету, халық арасында санитарлық ағарту жұмыстарын күшейту және осы аталған жұмыстарға үкіметтік емес ұйымдарды тарту, сонымен қатар аудан және қала емханаларында туберкулездің халықтық программаларының атқарылу сапасына мониторинг және бағалау жұмыстарын жалғастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Gupta r. Tuberkulez kak bol'shaya problema mirovogo zdavoohraneniya v XXI veke. Perspektivy VOZ //Проблемы туберкулеза и болезней органов дыхания. – 2005. — No7. – С.53-54
- 2 Об утверждении Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан "Саламатты Қазақстан" на 2011 - 2015 годы: Указ Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2010 года № 1113// adilet.zan.kz - 2010г.
- 3 Об утверждении Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан "Денсаулық" на 2016 – 2019 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 октября 2018 года № 634. // adilet.zan.kz - 2018г.
- 4 Об утверждении Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 982// adilet.zan.kz-2019г.
- 5 Постановление Правительства Республики Казахстан №597 от 31 мая 2014 года «Об утверждении Комплексного плана по борьбе с туберкулезом в Республике Казахстан на 2014-2020 годы».
- 6 Статистический сборник «Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения», 2001-2018гг.
- 7 Об утверждении Инструкции по организации оказания медицинской помощи при туберкулезе: Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 994// adilet.zan.kz-2018г.- Глава 2.
- 8 Туберкулез у детей и подростков: учебное пособие / под ред. В. А. Аксеновой. — М.: ГЭОТАР-Медиа, 2007. — 272 с.
- 9 Best practices in prevention, control and care for drug-resistant tuberculosis. A resource for the continued implementation of the Consolidated Action Plan to Prevent and Combat Multidrug- and Extensively Drug-Resistant Tuberculosis in the WHO European Region, 2011–2015 (2013)- 79 p.
- 10 Т. Абилдаев, Г.Мусабекова, Б. Каупбаева, Р. Туманова. Повышение качества медицинских услуг во фтизиатрии путем внедрения системы мониторинга и оценки.// rcz.kz. - 2016г. <http://www.rcz.kz/index.php/ru/2017-03-12-10-50-44/stati/95-povyshenie-kachestva-meditsinskikh-uslug-vo-ftiziatrii-putem-vnedreniya-sistemy-monitoringa-i-otsenki>
- 11 Global tuberculosis report 2019. World Health Organization. Printed in France. WHO/CDS/TB/2019.15.
- 12 Единая информационная система здравоохранения (ИИСЗ) // <https://www.eisz.kz/login?ReturnUrl=%2F>

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Gupta r. Tuberkulez kak bol'shaya problema mirovogo zdavoohraneniya v HKHI veke. Perspektivy VOZ //Problemy tuberkuleza i болезней органов дыхания. – 2005. — No7. – С.53-54
- 2 Об утверждении Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан "Саламатты Қазақстан" на 2011 - 2015 годы: Указ Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2010 года № 1113// adilet.zan.kz - 2010г.
- 3 Об утверждении Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан "Денсаулық" на 2016 – 2019 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 октября 2018 года № 634. // adilet.zan.kz - 2018г.
- 4 Об утверждении Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 982// adilet.zan.kz-2019г.
- 5 Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan №597 ot 31 maya 2014 goda «Ob utverzhdenii Kompleksnogo plana po bor'be s tuberkulezom v Respublike Kazahstan na 2014-2020 gody».
- 6 Statisticheskij sbornik «Zdorov'e naseleniya Respubliki Kazahstan i deyatel'nost' organizacij zdavoohraneniya», 2001-2018gg.
- 7 Об утверждении Инструкции по организации оказания медицинской помощи при туберкулезе: Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 994// adilet.zan.kz-2018г.- Глава 2.
- 8 Tuberkulez u detej i podrostkov: uchebnoe posobie / pod red. V. A. Aksenovej. — М.: GEOTAR-Media, 2007. — 272 s.
- 9 Best practices in prevention, control and care for drug-resistant tuberculosis. A resource for the continued implementation of the Consolidated Action Plan to Prevent and Combat Multidrug- and Extensively Drug-Resistant Tuberculosis in the WHO European Region, 2011–2015 (2013)- 79 p.
- 10 Т. Абилдаев, Г.Мусабекова, В. Каупбаева, Р. Туманова. Повышение качества медицинских услуг во фтизиатрии путем внедрения системы мониторинга и оценки.// rcz.kz. - 2016г. <http://www.rcz.kz/index.php/ru/2017-03-12-10-50-44/stati/95-povyshenie-kachestva-meditsinskikh-uslug-vo-ftiziatrii-putem-vnedreniya-sistemy-monitoringa-i-otsenki>
- 11 Global tuberculosis report 2019. World Health Organization. Printed in France. WHO/CDS/TB/2019.15.
- 12 Edinaya informacionnaya sistema zdavoohraneniya (NRBT) // <https://www.eisz.kz/login?ReturnUrl=%2F>

А.Ж. Алкожа, К.К. Куракбаев

НАО «Казакский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова»

ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ЛЕЧЕНИЯ БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ НА ПРИМЕРЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ПРОТИВОТУБЕРКУЛЕЗНОГО ДИСПАНСЕРА (ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР)

Резюме: В данной статье дана оценка эффективности лечения больных туберкулезом и научно-литературный обзор факторов, влияющих на эффективность его лечения. Проблема туберкулеза с каждым годом приобретает все большее внимание. Показано, что это связано с ростом заболеваемости, возникновением тяжелых заболеваний с летальным исходом.

Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) была вынуждена констатировать, что туберкулез по-прежнему является международной и национальной проблемой здравоохранения не только в развивающихся странах, но и в экономически высокоразвитых странах.

Ключевые слова: туберкулез, эффективность лечения, оценка, менеджмент.

A.Zh. Alkozha, K.K. Kurakbayev

JSC "S. D. Asfendiyarov Kazakh national medical University "

EVALUATION OF TREATMENT EFFECTIVENESS OF PATIENTS WITH TUBERCULOSIS IN MODERN CONDITIONS ON THE EXAMPLE OF KYZYLORDA REGIONAL TUBERCULOSIS DISPENSARY (LITERATURE REVIEW)

Resume: The article provides an assessment of treatment effectiveness of patients with tuberculosis and scientific literature review of the factors affecting the treatment effectiveness. The problem of tuberculosis is gaining more and more attention every year. It is shown that this is associated with an increase in morbidity, the occurrence of severe diseases with a fatal outcome.

The World Health Organization (WHO) was forced to state that tuberculosis is still an international and national health problem not only in developing countries, but also in economically highly developed countries.

Keywords: tuberculosis, treatment effectiveness, evaluation, management.

